20319265158

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 12 қыркүйек №5265-23-00-2/2038 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.Сейтжанұлы,
сот отырысының хатшысы Е.Т.Қаһаровтың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Шымкент қаласының Төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«NBO Plus» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі А.Ж.Жанмулдаев

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2023 жылғы 24 мамырда тараптар арасында 2029347,04 теңгеге тауарды жеткізу туралы мемлекеттік сатып алу туралы №66/23 шарты жасалған (бұдан әрі - Шарт).

Шарт бойынша қызыметті жеткізу шарттың күшіне енген күннен бастап 2023 жылдың 24 мамырдан бастап 12 маусымға дейін, яғни жауапкер 20 күн ішінде.

Алайда, жауапкердің тарапынан қазіргі таңда тауар жеткізілмеген, шарт бұзылған болатын.

Талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 75 086 теңге тұрақсыздықты өндіру туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Документ подписан: Сейтжанұлы С., 19.09.2023
Дата вступления в законную силу: 23.10.2023, судья Сейтжанұлы С., 24.10.2023
5265-23-3-6/215

Талап қоюшының өкілі сотта талаптарды қолдап, оларды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкерге сот отырысының уақыты мен орны жайлы тиісті түрде хабарлама жолданса да, сот отырысына қатыспады. Істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі-АПК) 196-бабының 4-бөлігі негізінде, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

1-талап бойынша:

Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттемелер міндеттеменің шартына және заң талаптарына сәйкес, тиісінше орындалуы тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 3)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Аталған Заң нормасының 5-тармағына сай осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Жауапкер Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған, белгіленген мерзімде тауар жеткізбеген. Сот отырысына қатыспаған.

Осыған байланысты, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

2-талап бойынша:

АК-нің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл) - заңнамамен, немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда, немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады).

Сондықтан сот жауапкерден талап қоюшының пайдасына тауар жеткізбегені үшін 28 күнге есептелген 36 260 теңге мөлшерінде тұрақсыздық өндірілуге жатады деп санайды (2 029 347,04 *0,1%*28).

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекеттің пайдасына 5703 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

Документ подписан: Сейтжанұлы С., 19.09.2023
Дата вступления в законную силу: 23.10.2023, судья Сейтжанұлы С., 24.10.2023
5265-23-3-6/215

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Шымкент қаласының Төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«NBO Plus» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«NBO Plus» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына 75 086 (жетпіс бес мың жетпіс алты) теңге 15 тиын тұрақсыздық айыппұлы және 5703 (бес мың жеті жүз үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақ АПК-нің 403,404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья С.Сейтжанұлы

Документ подписан: Сейтжанұлы С., 19.09.2023

Дата вступления в законную силу: 23.10.2023, судья Сейтжанұлы С., 24.10.2023

5265-23-3-6/215